

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы N 1241 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 796 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 Р960790_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

бөліммен, мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 25-1-жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі"
25-1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
" Оң алту қоры "

(шаруашылық жүргізу құқығында)

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 409-1-жолмен толықтырылсын:

"409-1. "Қазбаспасөз" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу

құқығында) Алматы қаласы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі